

***Краткий агрометеорологический обзор  
За 3 декаду апреля 2026 года.***

В третьей декаде апреля на юге и юго-востоке республики среднедекадная температура воздуха была выше нормы на 2...4°C. В районах возделывания озимых зерновых культур осадки выпали меньше нормы, на юге около нормы. На юго-востоке на посевах в основном наблюдаются фазы развития «выход в трубку»-«появление нижнего стеблевого узла над поверхностью почвы», в окрестности метеостанции Шымкент «колошение».

На юго-востоке страны на посевах яровых зерновых в основном наблюдается фаза развития растений «3-й лист»-«кущение», на юге страны «образование узловых корней»-«выход в трубку». Состояние растений хорошее и отличное. В горных, предгорных районах юго-востока приступили к посеву яровых зерновых культур. В окрестности метеостанции Урджар Абайской области после обработки почвы в конце декады приступили к посеву яровой пшеницы. На северо-западе страны в Мартукском районе Актыбинской области наблюдается фаза развития «прорастание зерна».

На юге республики в окрестности агропоста Ошакты Келесского района Туркестанской области на посевах кукурузы наблюдается фаза развития «появление 7-го листа». В Панфиловском районе области Жетісу наблюдается фаза развития «появление 3-го листа», в Аксуском районе приступили к посеву кукурузы. Состояние посевов хорошее.

В окрестности метеостанции Кызылту области Жетісу на посевах сахарной свеклы в середине декады наблюдалась фаза развития «первый настоящий лист». Состояние растений отличное.

В Жамбылском районе Алматинской и вблизи г. Петропавловск Северо-Казахстанской области после предварительной обработки почвы приступили к посадке клубней картофеля.

В окрестности метеостанции Чингирлау Чингирлауского района Западно-Казахстанской области продолжается посев сафлора.

В Мактааральского районе Туркестанской области на посевах хлопчатника наблюдается фаза развития «всходы», в Ордабасинском и Жетысайском районах после обработки почвы приступили к посеву хлопчатника.

В Аксуском районе области Жетісу приступили к посеву сои. В Кызылординской области приступили к посеву риса.

В Алматинской, Жамбылской, Туркестанской областях и области Жетісу в садах с плодовыми культурами наблюдается «появление соцветий»-«цветение» на ветках яблонь и груш, в Панфиловском районе области Жетісу «формирование плодов».

В Алматинской, Жамбылской, Кызылординской, Туркестанской областях и области Жетісу на наблюдательных участках многолетних трав люцерны, клевера и эспарцета продолжается фаза развития «рост стебля»-«появление соцветий». Состояние трав хорошее и удовлетворительное.

В Западно-Казахстанской, Костанайской, Павлодарской и Улытауской областях на наблюдательных участках у эспарцета наблюдается фаза развития «появление соцветий», клевера - «рост стебля», пырея - «появление нижнего стеблевого узла» житняка - «всходы»-«3-й лист». Состояние трав в основном удовлетворительное.

На последний день декады скот на пастбищах выпасался повсеместно. *Состояние травостоя* на пастбищах удовлетворительное и хорошее, отличное состояние травостоя отмечается в Балхашском районе и в горных и предгорных районах Алматинской области, в Шетском районе Карагандинской области, в Уалихановском и Акжарском районах Северо-Казахстанской области и в Созакском районе Туркестанской области.

*Сырая* дернина отмечается на пастбищах в Актюбинской, Мангистауской областях и на отдельных пастбищах в Западно-Казахстанской области, на остальной части пастбищ дернина *сухая*.

На конец декады *сильно* стравлены пастбища в Акжайкском районе Западно-Казахстанской области, *умеренная* стравленность отмечается в Жамбылском районе Алматинской области, в Курмангазинском районе Атырауской области, в Казталовском районе Западно-Казахстанской области, в Каратальском районе области Жетісу, в Мангистауском и Бейнеуском районах Мангистауской области и в Созакском районе Туркестанской области, *не стравлены* пастбища в Жамбылской области и в отдельных районах Актюбинской, Алматинской, Карагандинской областей, на остальной части пастбища *слабо* стравлены.

По результатам наблюдений за влажностью почвы запасы продуктивной влаги в западных областях, на севере, востоке и в южной половине страны в основном сформировались как *оптимальные и удовлетворительные*, однако в большинстве наблюдательных участков в Карагандинской области влагозапасы сложились как *недостаточные*

### **2026 жылдың сәуір айының 3 онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу.**

Сәуірдің үшінші онкүндігінде республиканың оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында ауаның орташа онкүндік температурасы нормадан 2...4°С жоғары болған. Күздік дәнді дақылдар өсірілетін аудандарында жауын-шашын орташа көпжылдық мәндерден аз болған, тек оңтүстікте норма шамасында. Елдің оңтүстік-шығысында егістіктерде көбінесе «түтікке шығу»- «топырақ бетінен төменгі сабақ түйіннің пайда болуы» даму фазалары байқалған, Шымкент метеостанциясының маңында «масақтану» фазасы.

Елдің оңтүстік-шығысында жаздық дәнді дақылдарда негізінен «3-ші жапырақ»- «түптену» даму фазалары, елдің оңтүстігінде «түйіндік тамырлардың пайда болуы»-«түптену» фазалары байқалады. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы. Оңтүстік-шығыстың таулы аудандарында жаздық дәнді дақылдар егуге кірісті. Абай облысының Үржар метеостанциясының маңында онкүндіктің соңында топырақты алдын ала өңдегеннен кейін жаздық бидай егуге кірісті.

Елдің солтүстік-батысында Ақтөбе облысының Мәртөк ауданында «дәннің өсіп шығуы» фазасы байқалады.

Республиканың оңтүстігінде Түркістан облысы Келес ауданы Ошақты агропостының маңында жүгері дақылдарында «7-ші жапырақ» даму фазасы байқалады. Жетісу облысының Панфилов ауданында «3-ші жапырақ» даму фазасы байқалады, Ақсу ауданында жүгері егуге кірісті. Дақылдардың жағдайы жақсы.

Жетісу облысының Қызылту метеостанциясының маңында онкүндіктің ортасында қант қызылшасы егістіктерінде «алғашқы нағыз жапырақ» даму фазасы байқалды. Өсімдіктердің жағдайы өте жақсы.

Алматы облысының Жамбыл ауданында және Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл қаласының маңында топырақты алдын ала өңдегеннен кейін картоп отырғызу басталды.

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы Шыңғырлау метеостанциясының маңында мақсары егу жалғасуда.

Түркістан облысының Мақтаарал ауданында мақта дақылдарында «көктеу» фазасы байқалады, Ордабасы және Жетісай аудандарында топырақты өңдегеннен кейін мақта егуге кірісті.

Жетісу облысы Ақсу ауданында соя, ал Қызылорда облысында күріш егуге кірісті.

Алматы, Жамбыл, Түркістан және Жетісу облыстарында жеміс дақылдары бақшаларында алма мен алмұрт бұтақтарында «гүл шоғырының пайда болуы»-«гүлдену» байқалады, Жетісу облысының Панфилов ауданында «жемістердің қалыптасуы» байқалады.

Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Түркістан және Жетісу облыстарында жоңышқа, беде және эспарцет көпжылдық шөптерінің бақылау учаскелерінде «сабақтың өсуі» - «гүлшоғырлардың пайда болуы» даму фазалары жалғасуда. Шөптердің жағдайы жақсы және қанағаттанарлық.

Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Ұлытау облыстарында эспарцеттің бақылау учаскелерінде «гүлшоғырлардың пайда болуы», беде участкісінде – «сабақтың өсуі», бидайық шөптерінде «төменгі сабақ түйіннің пайда болуы», еркек шөпте «көктеу»-« 3-ші жапырақ» даму кезеңі байқалады. Шөптердің жағдайы негізінен қанағаттанарлық.

Онкүндіктің соңғы күні жайылымдарда мал тегіс жайылған. Жайылымдардағы шөптердің жай-күйі қанағаттанарлық және жақсы, шөптердің өте жақсы жай-күйі Алматы облысының Балқаш ауданында және таулы аудандарда және Қарағанды облысының Шет ауданында, Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов және Ақжар аудандарында және Түркістан облысының Созақ ауданында байқалады.

Дымқыл шым Ақтөбе, Маңғыстау облыстарында және Батыс Қазақстан облысының жекелеген жайылымдарда орын алған, жайылымдардың қалған бөлігінде шым құрғақ болған.

Онкүндіктің соңында Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы жайылымдар қатты оталған, жайылымдардың бірқалыпты оталғаны Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында, Алматы облысының Жамбыл ауданында, Атырау облысының Құрманғазы ауданында, Батыс Қазақстан облысының Казталов ауданында, Жетісу облысының Қаратал ауданында, Маңғыстау облысының Маңғыстау және Бейнеу аудандарында және Түркістан облысының Созақ ауданында байқалады, Жамбыл облысында және Ақтөбе, Алматы, Қарағанды облыстарының жекелеген аудандарында жайылымдар оталмаған, қалған жайылымдар әлсіз оталған.

Топырақ ылғалдылығын бақылау нәтижелері бойынша елдің батыс облыстарында, солтүстігінде, шығысында және оңтүстік жартысында өнімді ылғал қоры негізінен оңтайлы және қанағаттанарлық болып қалыптасты, алайда Қарағанды облысындағы бақылау учаскелерінің көпшілігінде ылғал қоры жеткіліксіз болған.